

СРС

- Мамандығы: Жалпы медицина
- Кафедра: Инфекциялық аурулар және балалар инфекциясы
- Дисциплина: Инфекциялық аурулар
- Тақырыбы: **ЖИТС-индикаторлы аурулар. Пневмоцистті пневмония. Капоши саркомасы.**

□ Орындаған: Бекмұхамбетова Ж.Ғ
□ Тобы: 402 А

□ Тексерген: Айбусинова К.Н.

□ Ақтөбе 2019

Жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы (ЖИТС, ағылш. AIDS) - аса қатерлі вирустық дерт. Қоздырушы - адамның иммундық дефицит вирусы HIV (ИДВ). Вирус ИММУНДЫҚ жүйесінің жасушаларының жұмысын бұзып, жойып, нәтижесінде Жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы (ЖИТС) пайда болып, адам организмінің қорғаныс механизмдерінің жұмысы бұзылып, инфекция мен қатерлі ісіктерлерден кәдімгі иммунды статус қалыпта болған жағдайда дамымайтын оппортунистік аурулар пайда болады.

Пневмония (гр. *pneumon* — өкпе), өкпе қабынуы — өкпе тінінің қабынуынан немесе басқа аурулардың асқынуынан болатын өкпенің жұқпалы ауруы. Ол көбіне қызылша, көкжөтел, тұмау, бронхит, демікпе сияқты тыныс ауруларын немесе әсіресе жас балалар мен қарт адамдарда болатын қатаң аурулардан кейін пайда болады. Сонымен қатар ол СПИД-пен ауырған кезде де болуы мүмкін. Ауруды әр түрлі вирустар (аденовирус, риновирус), бактериялар (пневмококк, стафилококк, стрептококк) қоздырады. Аурудың дамуына дененің қатты мұздауы, ауыр жұмыс пен жүйкелік-психик. күш түсу, улану, т.б. факторлар әсер етеді. Сырқаттың ұзақтығына қарай: *жедел пневмония* және *созылмалы пневмония*, ал қабынудың жайылып тарауына қарай: *бөлікті пневмония* және *ошақты пневмония* болып бөлінеді.

Жедел пневмония кенеттен басталады, дене қызуы 39 — 40°С-қа, кейде одан да жоғары көтеріледі, науқас қалтырап, алғашқыда құрғақ, кейіннен қақырықты жөтел пайда болады. Науқастың бүйірі шаншиды, біртіндеп тынысы тарылып, ауа жетпейді, буындары сырқырайды. Ем қабылдаған соң аурудың беті 3 — 5 күннен кейін қайта бастайды.

Созылмалы пневмония ауру асқынып, өкпе тінінің құрылымы мен қызметінің толық қалпына келмеуінен, сондай-ақ созылмалы бронхиттің салдарынан болады. Бұл кезде өкпенің белгілі бір тұстары қайталап қабынады. Сырқаттың дем алысы әлсіреп, сәл күш түссе деміге бастайды. Ауру асқынғанда пневмонияның жедел түріндегі клиник. белгілер қайталанарды. Созылмалы пневмония ұзаққа созылады. Дер кезінде емделсе, науқас 2 — 3 аптадан соң жазыла бастайды.

Белгілері

- Бірден қалтырап, ыстықтың көтерілуі;
- Дем алыстың жиілеуі, одан қырылдаған немесе сырылдаған дыбыстың шығуы.
- Әр дем алып пневмониядем шығарған сайын мұрынның желбезегі көтеріліп пневмониябасылып тұрады.
- Дененің ысуы (кейде жаңа туған нәресте немесе қарт адамдар, әсіресе әлсіз адамдар, ауыр екпе қабынуымен ауырғанда температура айтарлықтай көтерілмейді).
- Жөтел (түсі сары, жасыл немесе қошқыл қоңыр, не сілекейге аздап қан араласқан).
- Кеуде ауырады.
- Науқастың халі ауырлайды.
Бетіне және ерніне салқын тигенде ұсақ жаралар шығады.

Емдеу жолдары

- Өкпе қабынуын антибиотиктермен емдеу емір немесе өлім мәселесіне келіп тірелуі мүмкін. Пенициллин, ко-тримоксазол немесе эритромицин беріңіз. Науқастың халі нашарлап бара жатса прокаин-пенициллин шанышыңыз, ересек адамдарға: күніне 2—3 рет 400 000 ед (250 мг) немесе күніне 4 рет 500 мг ампициллин ішкізіңіз. Жас балаларға ересектерге берілетін дәрі мөлшерінің 0,5—025 мөлшерін беріңіз, 6 жасқа дейінгі балаларға ампициллин берген жөн.
- Ыстықты түсіру және ауырғанды қойғызу үшін аспирин немесе ацетаминофен беріңіз.
- Науқасқа мейлінше көп сұйық беріңіз. Егер науқас тамақ іше алмаса, онда оған сұйық тағам немесе регидрат сусынын беріңіз.
- Жөтелді жеңілдету және қақырықты босату үшін де көп сұйық ішу және су буы ингаляциясын жасау ұсынылады.
- Сырыл болған жағдайда теофиллин немесе эфедрин түріндегі демікпеге қарсы дәрілер қолдану қажет.

Саркома - сүйек тканінің қатерлі ісігі. Даму мерзімі әр қилы: кейде өте тез, кейде айлап қатерлі ісікке айналады. Денсаулық күрт нашарлап, температура көтеріліп, метастаз ошақтары лимфа бездеріне, сүйектерге, өкпеге т. б. ағзаларға тарауымен сипатталатын қатерлі ауру. Клиникада кездесетін түрлері: фибросаркоматалшықты дәнекер ісігі; ангиосаркома — сүйек қан тамыр элементтерінің ісігі; остеосаркома — сүйек тканінің ісігі; хондросаркома — шеміршек тканінің ісігі; ретикулосаркома — жетілмеген тор тәріздес ұлпа ісігі

ҚАТЕРЛІ ІСІК, саркома (лат. cancer, carcinoma және грек. karkinos – шаян, краб) – тіндердің айналасында өсіп, олардың қызметін бұзатын ісіктер; осы ісіктердің жайылуынан организмде *метастаз* процесінің басталуы. Ісіктің тарамдалып, айналасы шаянның аяғы сияқты болғандықтан Қ. і. рак деп аталған. Қ. і-тің негізгі бөлігі – эпителий паренхимасы және көптеген қан тамырлары мен лимфа талшықтары болатын дәнекер тін. Сыртқы пішіні саңырауқұлақ пішінді ісік ас қорыту жолдарының кілегей қабаттарында болады. Ал жайпақ табақ тәрізді түрі тері қабатының клеткасына, ауыз қуысының кілегейлі қабатына, тыныс алу, зәр шығару және жыныс мүшелеріне түседі. Қ. і. ауруы өте ертеден белгілі.

Қорытынды

ЖИТС әлемдік аумақта адам өлімінің себепкері ретінде төртінші орын алды, ал оның жұқпалы дерт екенін ескерсек, ертеңгі күні бүкіл адамзатқа қауіп болып төнері анық. Егер де 2001 жылға дейін дүниежүзінде күніне 8500 адам ВИЧ инфекциясын жұқтырған болса, бүгінгі таңда бұл көрсеткіш 1600 адам деп беріліп жүр. Қазақстанда осы дертке шалдыққандардың саны 2007 жылы наурызда 7709 адамға жеткен. Бұл — ресми мәлімет. Ал шын мәнінде, бұдан әлдеқайда көп. Дәрігерлердің жауапсыздығынан оңтүстік өңірдегі бей-күнә сәбилердің ВИЧ инфекциясын жұқтыруы, санының күн сайын артуы бәрімізді ойландырады. Ғасыр дертінің жас талғамайтыны, ең соңында ажал құрсауына алатыны бәрімізге сабақ болса екен. БҰҰ-ның есебі бойынша 15-24 аралығындағы жастардың 12 миллиондайы жыныстық қарым-қатынас арқылы ВИЧ инфекциясына шалдыққандар. Егер алдыңғы буын осы жабық тақырып аясында жастармен әңгіме өрбітсе, қатерлі дерттің алдын алар еді. Экономикасы дамыған Канада, Франция, Швеция сияқты елдерде осындай тақырыпта кеңінен ашық айтылғандықтан жасөспірімдер арасындағы жүктілік және жыныстық қатынастар арқылы берілетін түрлі жұқпалы аурулардың көрсеткіші азайған. Бірақ бірден-бір осы дертке шалдыққан жастарға көмек беретін де, арсыздықты тыятын да имандылық екенін ұғынуымыз керек. Өйткені, ислам дінінде некесі қиылмай жастардың жақындасуына тыйым салынады. Әрбір ұл-қыздарымыз ислам дінінің осындай тазалығын бойына сіңіріп, адал жолмен жүрсе, денсаулығымыз жақсы, отбасымыз берік болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. А.Қ.Дүйсенова. Жұқпалы аурулар. Алматы, 2014 жыл
2. Шувалова Е.П. Инфекционные болезни. М., 2005 жыл
3. Паразитарные болезни человека. Под.ред. В.П. Сергиева, Ю.В. Лобзина, С.С. Козлова. С.П. Фолиант, 2006 жыл
4. Ғаламтор мәліметтері